

Еркіндік ауылының аумағында карантин белгілеу туралы

Күші жойған

Қарағанды облысының Шет ауданы Өспен ауылдық округінің әкімінің 2016 жылғы 21 маусымдағы № 01 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 22 маусымда № 3864 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысының Шет ауданы Өспен ауылдық округінің әкімінің 2016 жылғы 15 шілдедегі № 02 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысының Шет ауданы Өспен ауылдық округінің әкімінің 15.07.2016 № 02 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңына сәйкес, Өспен ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Сібір жарасы ауруының шығуына байланысты Шет ауданының Өспен ауылдық округіне қарасты Еркіндік ауылының аумағында карантин белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Ж. Аманжолов